

**ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СҰЛУ
САРАЙЫ. ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ.
«КҮЙ» ПОЭМАСЫ (ҮЗІНДІ)**



**1-тапсырма. Жаңа сөздерді есіңе сақтап ал.
Олармен сөз тіркестерін құрастыр.**

Құштарландым – пожелал

Әсер етті – повлияло

Сергектік – бодрость

Шытырман – приключенческий

Маңғаз – важный

Қағида – правила

- 3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, көп нүктенің орнына қажет сөзді жаз.
- <https://soundcloud.com/kokjiek-horizon/3-9-10-3>
- 1. Жетісудың ... күйші ақыны – Молықбай Байсақұлы 1857 жылы туған.
- 2. 1927 жылы І. Жансүгіров пен М. Әуезов қобызшы Молықбайды арнайы
- 3. Содан кейін І. Жансүгіров ... поэмасын жазды.

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

I. Жансүгіров қобызшы Молықбай шалдың бейнесін былай суреттейді:

Қобызшы - Молықбай шал Матайдағы,
Матайда Кенже, Тұңғат Сақайдағы.

Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы.

Жар қабак, сида, арсақай, сар шұбар шал,
Жарықшақ, үні тозған, қаңсыған шал.

Ілияс қобызшының өнерін, қобызда тартылған
күйді үлкен шеберлікпен сипаттайды:

Қобызшы ол «Ақ көбікті» аңыратқан,

Боздатып «Бозінгенді» күңіrentкен.

Қобызшы ол «Көк көбекті» күрілдеткен,

«Дүлдүлін Ер Әлінің» дүрілдеткен.

«Онсан мен Ормамбеттің айырылғанын»,

Жыласқан ноғай-қазақ күйін шерткен.

Қобызшы ол Қорамжанның күйін тартқан,

Зарлы қыл қыр қиялын қиындатқан.

Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,

О баста сырмайлатқан, күміс шапқан.

Қобызбен тартылған күйдің күдіретін ақын былай суреттейді:

Бас бұрап, төрт түкіріп, толғап тоғыз,
Қозғалар құлақ күйден жосып қобыз.

Көтерген көк түндігін күй өрнегі
Құлатып асқарда ағын, мәңгіде мұз.
Ызғыған ызғырық күн, құлдырап қыл,
Алатау, әсем бұлақ сылдырап тұр.
Қиқылдап қырда қызғыш, көлде қаз-қу,
Қыңқылдап таңдай қаққан талда бұлбұл.
Кейде күй талмаураған, толықсыған,
... Кейде өжет, кейде долы, албытсынған.
Кейде паң, кейде дарқан, кейде сергек,
Шаршы ерге кейде шапшып, шауып тынған.

ОҚЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Поэмада ақын Молықбай шалдың бейнесін қандай сөздермен бейнелегенін тауып оқып, жаз.

Мысалы: жар қабақ, ...

ОҚЫЛЫМ. АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Поэманың үзіндісінде тағы қандай күйлер аталады? Мәтіннен тауып айт.

Мысалы: «Бозінген», ...

ЖАЗЫЛЫМ. АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Ақын қобызшының күй тартқанын қандай сөздермен сипаттағанын тауып оқы. Ол сөздердің мағынасын сөздікпен жұмыс істей отырып анықта. Сыныпта түсіндір.

Үлгі: Қобызшы ол «Ақ көбікті» аңыратқан.

Аңыратқан — шырқаған, тамылжытқан, күңіrentкен және т.б.

ОҚЫЛЫМ. АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Ілияс Жансүгіров күйдің күдіретін қалай суреттегенін, неге теңегенін тауып оқы. Түсінгеніңді айт.



Рефлексия

“Ашық микрофон”
әдісі

Сабақтан қандай әсер алдыңдар?
Сабақта өзіңе не ұнады?

